

**«Алмажан+» жеке балабақшасының Қамқоршылық кеңесінің №4
жалпы жиналысының ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні «23» мамыр 2025 жыл

Өткізілген орны Балабақша ғимараты

Төрағасы : Казиева А.Н.

Хатшысы : Маренова А.Н.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері 4 адам, балабақша меңгерушісі
А.Н.Мухамбетжанова

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және келісу.
2. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңестің қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау.
3. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінің немесе облыстың аудандық/қалалық Білім басқармасына Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйымның жұмысынан анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу.

ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР:

1. Бірінші мәселе бойынша:

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Н.Мухамбетжанова сөз алып, алдағы жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарымен таныстырды. Ол балалардың жаз айларында таза ауада көп болуын, спорттық және сауықтыру шараларының жиі өткізілуін, сумен шынықтыру және күн сәулесінен қорғау ережелерін баяндап, осы жоспарды қамқоршылық кеңеспен келісуді ұсынды.

Сөз сөйледі: Ата-ана Нұрғалиева Жанар Жангелдіқызы жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлу керектігін, ауладағы ойын алаңқайларының талапқа сай болуын және ішетін судың уақытылы берілуін қадағалауды сұрады.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары мақұлданып және кеңес тарапынан келісілсін.

2. Екінші мәселе бойынша:

Тыңдалды: Жиналыс төрағасы Казиева Айдана Нурмановна мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын оқу жылының соңында нығайту және жазғы жөндеу жұмыстарына дайындау мәселесін көтерді. Осы мақсатта қамқоршылық кеңестің ресми есепшотындағы ерікті қаражатты пайдаланудың нақты бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау ұсынылды. Қаражатты тозығы жеткен ойын құралдарын жаңартуға және топтарды ағымдағы жөндеуден өткізуге бағыттау талқыланды.

Сөз сөйледі: Ата-ана Исеев Ербол Байжанович бөлінетін қаражаттың әрбір теңгесі тек балалардың игілігіне жұмсалуды тиіс екенін және сатып алу үдерісінің ашық жүруін бақылауды ұсынды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Материалдық-техникалық базаны нығайтуға бағытталған қамқоршылық кеңес қаражатының жұмсалыу көлемі мен тәртібі бекітілсін; сатып алынған материалдардың есебі келесі отырысқа ұсынылсын.

3. Үшінші мәселе бойынша:

Тыңдалды: Кеңес мүшесі Ханов Шохан Уалиханович сөз алып, оқу жылы барысында қамқоршылық кеңес тарапынан балабақша жұмысына жүргізілген бақылаудың нәтижелерін ортаға салды. Ол мониторинг кезінде анықталған кейбір ішкі кемшіліктерді атап өтіп, оларды жою бойынша балабақша

әкімшілігіне немесе қажет болған жағдайда Білім баскармасына ресми ұсыныстар енгізу қажеттілігін алға тартты.

Сөз сөйледі: Ата-ана Нұрғалиева Жанар Жангелдіқызы анықталған кемшіліктерді алдымен балабақша әкімшілігімен бірлесе отырып, ішкі мүмкіндіктер арқылы жоюға тырысу керек екенін, ал егер ол нәтиже бермесе, жоғары органдарға хат жолдау дұрыс болатынын айтты.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Қамқоршылық кеңес анықтаған жұмыстағы кемшіліктерді жою туралы ресми ұсыныстар хаты дайындалсын және оны орындау үшін балабақша әкімшілігіне нақты мерзім белгілене отырып жолдансын.

Жиналыс төрағасы:

Жиналыс хатшысы:

